



Сіз АҚШ-тан да көп қарыз бола аласыз ба?

Сабақтың негізгі мазмұны

Бұл фильм несиелер бойынша күрделі пайыздар өсімін көрсетеді. Күрделі пайыздар – бұл сіз несиелерге алатын сомаға қосылатын және кез-келген бұрын қосылған пайыздар. Жылдық пайыздық мөлшерлеме (ЖПМ) есептеледі. Мысал ретінде қысқа мерзімді несиелердегі өте жоғары пайыздық мөлшерлеме алынады. Экранда жеті жылға алынған 100 доллар несиенің пайыздық мөлшерлеме өсімі көрсетіледі, нәтижесінде, қарыз құны Американың ұлттық қарызынан да асып түсетінін көрсетеді.



Фильм пайыз туралы бастапқы білімі бар кез-келген оқушыға түсінікті және экономиканы оқытындарға аса қызықты болады.

Негізгі нәтижелер

Сабақтың негізгі мақсаттары

- Сандарды күнделікті жеке өмірде, үйде және қоғамдық ортада пайдалана білу.
- “Пайыздың” “жүзден бір бөлік” дегенді білдіретінін түсіндіре білу.
- Қарапайым пайыздарға, оның ішінде, пайыздық өсім мен пайыздық қысқартулар сияқты есептеулерді орындай білу. Мысалы, бір жыл ішінде 3000 доллар көлемінде 5% мөлшерлеменен алынған несиенің пайыздарын есептеу.
- Күрделі пайыздар ұғымын білу және қолдана алу.

Ұсынылатын жаттығулар

- Шарттары әртүрлі, жылдық пайыздық мөлшерлемелері (ЖПМ)де әртүрлі болатын несиелер бойынша пайыздық үстемелерді есептеңіз.
- Төленген пайыздарды жинақ шоты бойынша, әртүрлі ЖПМ негізінде, әртүрлі уақыт кезеңіне байланысты есептеңіз.
- Жылдық несиені, несиелер сомасы мен жылдық пайыздық мөлшерлемені ескере отырып, есептеңіз.

Қосымша нәтижелер

Сабақтың негізгі мақсаттары

- Бүтін оң сандарды көбейтуге арналған көрсеткіштік белгілер мен амалдарды орындау ережелерін түсіну және қолдана білу.
- Мемлекеттік қаржыландырудағы қарыз рөлін түсіну.
- Несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемеге қандай факторлар әсер ететінін түсіну.

Ұсынылатын жаттығулар

- Жылдық пайыздық мөлшерлемені есепке ала отырып, айлық, апталық және күнделікті пайыздық мөлшерлемені есептеңіз.
- Әртүрлі елдердегі қарыз сомасы туралы біліңіз.
- Пайыздық мөлшерлеме мен уақыт өтуімен болатын инфляция деңгейінің арасындағы байланысты анықтаңыз.



Пайыздық үстеме – бастапқыда қарызға алынған ақшаның үстіне қосымша төленетін, жылдық пайыздық мөлшерлеме деп аталатын сома мөлшері.

Ұқсас фильмдер



Сабақ жоспарына дейін қолдану:

Халқы ең тығыз қоныстанған мемлекет

Бұл фильмде, үлкен және көбірек арасындағы қатынастың математикалық түрде қалай өрнектелетіндігі айтылады.

Пайыздар: Салық жеңілдіктері

Бұл фильмде, табыс салығының пайыздық мөлшерлемесі, қалай мемлекет табысының көбеюіне ықпал ететіні туралы айтылады.

Сабақ жоспарынан кейін қолдану:

Гиперинфляция: 1920 жылдардағы Германия

Бұл фильмде, Германия үкіметінің қарыздарын өтеу мақсатында шектен тыс мөлшерде ақша басып шығаруы нәтижесі немен аяқталғандығы көрсетіледі.

Императордың шахмат тақтасы

Бұл фильмде қытай императоры туралы аңыз баяндалады. Онда императордың марапат тағайындап, кейін ол марапат әр шахмат шаршысына сәйкес көбеюіне орай, тіпті император төлей алмайтын аса үлкен қарыз пайда болғандығы жөнінде айтылады.

Банктердің ішінара жинақтық қор жүйесі

Бұл фильмде, банктердің салым пайыздарына сәйкес қанша несие бере алатындығы сөз болады.

Сабақ жоспары

Кіріспе

Оқушылардан сұраңыз: Бір-біріңізге қарыз беріп немесе қарыз алып көрдіңіз бе? Егер жауап ия болса, ондағы пайыздық мөлшерлеме қандай болды? Банктердің неліктен пайыздық мөлшерлеме қосатынын біліңіз. Ал достар арасында мұндай есеп жүрмейтіндігін айтыңыз. Ал егер достар арасында пайыздық мөлшерлеме есептелсе, ол қанша болар еді? Жауаптарды кестеге салыңыз.

Фильм көрсету



Сіз АҚШ-тан да көп қарыз бола аласыз ба?

Негізгі жаттығулар

Негізгі деңгей

Оқушыларды жұптарға бөліп, әр жұпқа несие беру бойынша нұсқаулар беріңіз: бір оқушы екіншісінен белгілі бір құны бар затты белгіленген пайыздық мөлшерлемеге сәйкес, нақты уақыт аралығына алады. Екеуі де бірдей жауапқа ие болу үшін екі оқушыға да әрбір уақыт аралығына сай пайыздық мөлшерлемені есептеуді тапсырыңыз. Содан соң, өтеу графигін көрсетіп, әр кезең сайын қарыз мөлшері пайыздық мөлшерлемеге сәйкес көбейетінін және кейін өтеу арқылы азая беретіндігін түсіндіріңіз. Жұптарға қарыз толықтай өтеліп болғанша, жаңа пайыздық мөлшерлемелер жасай беруді тапсырыңыз.

Негізгі жаттығулар жалғасы ...

Тереңдетілген деңгей

Ондық көбейткіш түріндегі пайыздық өсім үлгісін қалай жасауға болатынын көрсетіңіз (баламалы түрде 1,2 көбейтіндісіне 20% қосу арқылы). Өрі қарай, көрсеткіштік белгілерді түсіндіру мен оң бүтін дәрежелерді көбейту үшін көрсеткіштерді қолдану ережелеріне көшіңіз. Жылдық пайыздық мөлшерлеме бойынша күрделі пайыздардың қалай жұмыс істейтінін немесе айлық мөлшерлеме бойынша күнделікті үстеменің немесе керісінше, қалай қосылатынын көрсетіңіз. Содан соң, мөлшерлемелерді түрлендіруге қатысты есептер беріңіз.

Қосымша жаттығулар

Негізгі деңгей

Несиелеудің бірінші кезеңіндегі қарызға алынған сома мен пайыздық мөлшерлемені айтып, оларға жылдық пайыздық мөлшерлемені (ЖПМ) есептеуді тапсырыңыз. Мысалы, егер Арсен 2 500 000 теңге қарызға алып, несиенің бірінші айында 20 000 теңге төлейтін болса, жылдық мөлшерлеменің құны қандай?

Тереңдетілген деңгей

Оқушыларға қарызға алынған ақша мен толық несие кезеңіне қосылатын жалпы пайыздарды айтып, оларға жылдық пайыздық мөлшерлемені (ЖПМ) табуды тапсырыңыз. Мысалы, егер Дәулет 1 500 000 теңге қарызға алып, екі жыл бойы айына барлығы 6,06 теңге пайыздық мөлшерлеменен төлеп келген болса, жылдық пайыздық мөлшерлеме (ЖПМ) неге тең?

Міндетті емес қосымша тапсырмалар

АҚШ-тың өте үлкен сома қарыз болып қалуының себебін зерттеңіз. Осы қарызы бойынша пайыздық мөлшерлемесі қандай? Қаржы нарығы немесе экономистердің болжамы бойынша Америка өз қарызын қашан өтеп болады?

	Бірінші жыл	Екінші жыл	Үшінші жыл
Капитал			
	+	+	+
	× 42	× 42	× 42
	=	=	=

Егер сіз пайыздық мөлшерлемесі 4200%-дан жоғары болатын қаражатты қарызға алсаңыз, жыл сайын алдыңғы жылы қарыз болған ақшаңыздан 42 есе көп пайыздық үстемені төлеп отырасыз.